

Гиззатов Саялбек Махамбетович*¹

Тарих ғылымдарының кандидаты, Астана халықаралық университеті, Астана,
Қазақстан, sayalbek@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-9784-1812

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МУЗЕЙ РЕСТАВРАЦИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Аңдатпа. Мақала отандық тарих ғылымында өзекті тақырып болып саналатын Қазақстандағы музей реставрациясының тарихын зерттеуге бағытталған. Күні бүгінге дейін жарық көрген ғылыми еңбектерде еліміздегі музей жүйесінің қалыптасуы мен дамуы біртұтас оқиға ретінде қарастырылды. Ал музей ісінің жекелеген бағыттары толыққанды зерттелмеді.

Автор Қазан төңкерісіне дейінгі музей реставрациясының жай-күйін сипаттап, тарихи жәдігерлерді қалпына келтірудегі халық арасындағы ұсталардың, қолөнершілердің қызметіне тоқталған. Мақалада кеңестік замандағы музей реставрациясының жаңа кезеңге қадам басуы, кәсіби реставратор мамандардың қалыптасу барысы жан-жақты зерделенген. Сонымен қатар архив деректері негізінде Қазақстан музейлерінің реставрация жұмысын ұйымдастыруда кезіккен қиындықтары мен мәселелеріне талдау жасалған.

Еліміздің егемендікке қол жеткізуі ұлттық мәдениетіміздің дамуына жол ашты. Ғылыми-зерттеу жұмысында тәуелсіздік жылдарында Қазақстан музейлерінің реставрация саласында жүзеге асырған маңызды жобалары, олардың нәтижелері талданады. Сондай-ақ, қазіргі таңда реставрация саласын дамытуда қордаланған мәселелер мен оларды шешу жолдары қарастырылады.

Кілт сөздер. Музей, қалпына келтіру, реставрациялық орталық, музей қоры, музей заты, көрме, экспонат.

Алғыс. Мақала ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Дөңгеленген дүние: қазақ даласы өркениетінің мәдени коды» бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру жобасы (тіркеу номері BR22082508) аясында дайындалды.

Гиззатов Саялбек Махамбетович*¹

Кандидат исторических наук, Международный университет Астана, Астана,
Казахстан, sayalbek@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-9784-1812

ИСТОРИЯ МУЗЕЙНОЙ РЕСТАВРАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Статья посвящена изучению истории музейной реставрации Казахстана, которая является актуальной темой в отечественной исторической науке. В научных трудах, изданных по сей день, становление и развитие музейной системы страны рассматривается как единое событие. А отдельные направления музейного дела до конца не изучены.

Автор описал состояние музейной реставрации до Октябрьской революции и роль народных кузнецов, ремесленников в реставрации исторических артефактов того времени. В статье подробно изучен переход музейной реставрации советских времен на новый этап, рассмотрен ход становления профессиональных реставраторов. Также на

основе архивных данных проведен анализ проблем, с которыми столкнулись музеи Казахстана при организации реставрационной работы.

Достижение суверенитета нашей страной проложило путь к развитию национальной культуры. В научно-исследовательской работе анализируются важные проекты, реализованные музеями Казахстана в области реставрации за годы независимости, их результаты. Также рассматриваются накопленные проблемы и пути их решения в развитии современной реставрационной отрасли.

Ключевые слова. Музей, реставрация, реставрационный центр, музейный фонд, музейные предметы, выставка, экспонат.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации научного проекта программно-целевого финансирования Министерства культуры и информации РК на тему: «Жизнь в движении: культурный код казахской степной цивилизации» (индивидуальный регистрационный номер: BR22082508).

Gizatov Sayalbek Makhambetovich*1

Candidate of Historical Sciences, Astana International University, Astana, Kazakhstan,
sayalbek@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-9784-1812

THE HISTORY OF MUSEUM RESTORATION IN KAZAKHSTAN

Abstract. The article is devoted to the study of the history of museum restoration in Kazakhstan, which is an urgent topic in the national historical science. In scientific works published to this day, the formation and development of the country's museum system is considered as a single event. And some areas of museum business have not been fully studied.

The author described the state of museum restoration before the October Revolution and the role of folk blacksmiths and artisans in the restoration of historical artifacts of that time. The article examines in detail the transition of the museum restoration of Soviet times to a new stage, examines the course of formation of professional restorers. Also, based on archival data, an analysis of the problems faced by the museums of Kazakhstan in organizing restoration work was carried out.

The achievement of sovereignty by our country paved the way for the development of national culture. The research paper analyzes important projects implemented by museums of Kazakhstan in the field of restoration during the years of independence, and their results. The accumulated problems and ways to solve them in the development of the modern restoration industry are also considered.

Key words. Museum, restoration, restoration center, museum fund, museum objects, exhibition, exhibit.

Acknowledgments. This article was prepared as part of the implementation of the scientific project funded by the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan on the topic: «Life in Motion: The Cultural Code of Kazakh Steppe Civilization» (individual registration number: BR22082508).

Кіріспе. Отандық тарих ғылымындағы маңызды тақырыптардың бірі музей ісімен тығыз байланысты. Соның ішінде музей реставрациясының тарихы күні бүгінге дейін

өзектілігін жоймай отыр. Бұған дейін жарық көрген ғылыми еңбектер XIX-XX ғасырлардағы Қазақстандағы жалпы музей ісінің қалыптасуын, дамуын зерттеуге бағытталған болатын. Ендігі кезекте музей саласындағы қор жинақтау және сақтау, музей заттарын консервациялау және реставрациялау, көрме ұйымдастыру, музей педагогикасын дамыту сияқты қызметтерді дербес зерттеу қажеттілігі туындауда.

Қарастырылып отырған тақырыптың өзектілігі жаһандану заманындағы өзгерістермен де тығыз байланысты. Өйткені ғылыми теориялар мен методологиялардың өзгеруі, заманауи технологиялардың пайда болуы әлем музейлерінің қызметіне өз әсерін тигізуде. Қазіргі таңда музейлер құнды жәдігерлерді тек жинақтаумен ғана шектелмей, оларды сақтау мен қалпына келтіруге басымдық беруде. Сондықтан сан ғасырлық тарихы бар жәдігерлерді халық назарына ұсынуда консервациялау және қалпына келтіру қызметінің маңызы зор.

Бүгінде отандық және шетелдік ғылыми еңбектерде, бұқаралық ақпарат құралдарында музейлік реставрацияға қарағанда архитектуралық нысандарға жасалатын реставрацияға қатысты деректер көбірек кездеседі. Осы орайда, реставрацияның бұл екі түрінің өзара айырмашылығының бар екендігін айта кеткен жөн. Архитектуралық нысандарға жасалатын реставрация ғимараттарды тарихи-көркемдік, сәулеттік тұрғыдан қайтадан жаңғыртуды мақсат тұтса, музей реставрациясы тарихи жәдігерлердің бұзылуын, бүлінуін тоқтатуға, олардың бастапқы бейнесін сақтап қалуға басымдық береді.

Күні бүгінге дейін Қазақстандағы музей реставрациясының тарихын зерттеуге бағытталған жекелеген ғылыми еңбектер жарық көрмеді. Еліміздегі алғашқы музейлердің ашылуы, музей қорларындағы жәдігерлердің жағдайы туралы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде баспадан шыққан А. Евреинов [1], Л.Терещено [2], В.Е. Недзвецкий [3] сияқты авторлардың еңбектерінде баяндалады. Ал кеңестік дәуірде музей саласында қызмет атқарған А.А. Адрианов [4], Л.Ф. Семенов [5], А.М. Жиреншин [6] және өзге де авторлардың шығармаларында экспонаттарды қалпына келтірудегі қиындықтар, реставратор мамандардың тапшылығы жөнінде мәліметтер беріледі.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстандағы музей реставрациясы тақырыбына қатысты арнайы ғылыми зерттеулер жүргізілмеді. Дегенмен музейдегі қалпына келтіру ісіне қатысты бірқатар деректер А.Е. Қайназарова [7], А.Ф. Ибраева [8], С. Тайман [9], Б.Қ. Санақұлова [10], М.З. Мусахановалардың [11] диссертациялық жұмыстарында кездеседі. Осылайша, ұсынылып отырған ғылыми-зерттеу жұмысы төл тарихымызда толыққанды зерттелмеген Қазақстандағы музей реставрациясының тарихын зерттеуге бағытталған.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қазақстандағы музей реставрациясының тарихын зерттеу барысында Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде жарияланған орыс зерттеушілері Л.Терещено, А. Евреиновтің еңбектері пайдаланылды. Сонымен қатар кеңестік дәуірдегі реставрация саласының даму барысын зерделеу мақсатында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі құрамындағы Мәдени мекемелер істері жөніндегі комитеттің, Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің бұйрықтары, шешімдері сараланды.

Ғылыми-зерттеу жұмысының басты дереккөзін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің, Ақмола облыстық мемлекеттік архивінің материалдары құрайды. Бұл архивтерден Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Орал, Семей, Шымкент, Қарағанды, Қостанай, Петропавл, Көкшетау және тағы басқа қалалардағы музейлердің реставрациялық қызметіне қатысты тың деректер табылып, ғылыми айналымға енгізілді.

Музейлердегі жәдігерлерді қалпына келтіру қызметін жан-жақты ашып көрсету мақсатында жалпы ғылыми әдістермен қатар тарихи жүйелілік, тарихи-салыстыру,

математикалық статистика әдістері қолданылды. Сонымен қатар әр түрлі тарихи кезеңдегі Қазақстандағы реставрация ісінің даму барысын зерделеуде проблемалық-хронологиялық әдіс пайдаланылды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Қазақстандағы музей реставрациясы бірнеше даму кезеңін басынан өткерді. 1827 жылы Бөкей Ордасының соңғы билеушісі Жәңгір ханның елімізде алғашқы музей ашуымен бірге реставрация ісінің де тарихы басталады. Бөкей Ордасында болған зерттеуші Л. Терещенко «Дешті-Қыпшақ ізі және Ішкі Қырғыз-Қайсақ Ордасы» атты мақаласында Қару-жарақ палатасында мылтық, шығыс тапаншалары, қылыш, жатаған, айбалта, сойыл, сауыт сынды қару-жарақтардың көптеп қойылғандығын атап өтті [2, 62-63 б.]. Орыс саяхатшысы және этнографы А. Евреинов те өз еңбегінде Хан Ордасының қару-жарақ бөлмесінде орналасқан жәдігерлерді сипаттай келе: «Жәңгір сирек, әрі құнды дүниелердің білгірі болды және оларды жинақтауда қаражатын аямады», - деп жазды [1, 62 б.].

Жәңгір хан ең алдымен туған-туысқандары мен ел ішінде сақталған қару-жарақ коллекциясын жинақтап, содан соң оларды арнайы сұрыптаудан өткізген. Тозығы жетіп, деформацияға ұшыраған қару-жарақ түрлерін ұсталардың, колөнершілердің көмегі арқылы реставрациялаған. Кейін тақырыптық, хронологиялық реттілікті сақтай отырып Қару-жарақ палатасына қойған [3, 17 б.].

XIX ғасырда Орынбор, Орал, Семей, Верный қалаларында ашылған музейлердің мамандары да қор жинақтау ісінде негізінен халыққа үміт артты. Олар сынған, бүлінген жәдігерлерді мүмкіндігінше қалпына келтіруге тырысты. Ең құнды заттарды музей экспозициясына қоюмен шектелмей алыс-жақын шетелдерде өткен көрмелерге жіберіп отырды [12, 18-19 бб.].

Кеңестік биліктің орнауымен Қазақстандағы музей реставрациясы саласы жаңа кезеңге қадам басты. Қорлары жеткілікті деңгейде толыққан музейлер жинақталған жәдігерлерді сұрыптап, оларды жоспарлы түрде реставрациялаудан өткізе бастады. Мысалы, архив деректерінде 1931 жылы Қазақстан Орталық музейінің қорында 100 000-нан астам жәдігердің болғандығы және жылдық жоспарға сәйкес олардың бір бөлігінің реставрациядан өткізілгендігі туралы дерек кездеседі [13, 4 п.].

Алайда XX ғасырдың 30 жылдарында Қазақстандағы музей реставрациясы елеулі қиындықтарды басынан өткерді. 1936-1937 жылдары Ақмола, Ақтөбе, Орал, Семей, Шымкент, Қарағанды, Қостанай, Петропавл, Көкшетау, Арал, Мирзоян музейлерінде арнайы тексеріс ұйымдастырылды. Мәдениет мекемелерінің қызметін мұқият сараптаған комиссия өз қорытындысында: «Бұл музейлер арнайы жабдықталған ғимараттарда орналаспағандықтан жәдігерлері бүлінген. Оларды қалпына келтіретін зертханалық кабинеттер мен шеберханалар жоқтың қасы. Ал барлары тиісті құрал-жабдықтардың болмауы салдарынан өз міндеттерін жүзеге асыруға дәрменсіз», - деп жазды [14, 1-5 пп.].

Қарастырылып отырған кезеңде еліміздегі музей қызметкерлерінің штат саны өте аз болды. 1932 жылы Қазақстандағы 12 музейде барлығы 158 адам қызмет еткен. Олардың қатарында музейдің негізгі қызметін атқарушы мамандармен бірге материалдық-техникалық жағдайға жауапты қызметкерлер болды. Мысалы, 1936 жылы Қарағанды музейінде директор, ғылыми қызметкер, ұста, суретші, күзетші мен тазалық сақтаушы ғана қызмет еткен [15, 2 п.]. Бұл деректен біз музейлерде арнайы реставратор штаттық бірлігінің қарастырылмағандығын, сәйкесінше олардың қызметін ұсталардың, суретшілердің атқаруға мәжбүр болғандығын көреміз.

XX ғасырдың 40-50 жылдарында Қазақстандағы музейлерде реставратор мамандардың тапшылығы анық сезілді. Әсіресе Ұлы Отан соғысынан кейін елдегі

музейлердің жағдайы қиын болды. Бұл кезеңде де музейлерде қор жинақтаумен, сақтаумен және тарихи жәдігерлерді қалпына келтірумен айналысатын мамандарға арнайы штат қарастырылмады. Мысалы, Ақмола облысы мемлекеттік архивінде сақталған «Справка о работе Историко-краеведческого музея Акмолинской области за период с 1 января по 15 июня 1952 года» атты құжатта музей штатының 4 бірліктен, яғни директор, ғылыми қызметкер, суретші және тазалықшыдан жасақталғандығын көреміз. Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Р.Н. Саитбурханова мекемедегі кадр тапшылығы туралы баяндай келе: «На будущее, в зависимости от помещения, необходимы будут и дополнительные кадры, а именно два научных сотрудника, заведующий фондами, художник, счетный работник и сторож», - деп жазды [16, 7 п.].

1954 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі құрамындағы Мәдени мекемелер істері жөніндегі комитет өңірлік музейлердің қызметін, материалдық-техникалық жағдайын тексеру мақсатында арнайы комиссия құрды. Комиссия мүшелері Семей, Павлодар, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда, Ақмола, Орал облыстық тарихи-өлкетану музейлерін және Жамбыл, Куйбышев мемориалдық музейлерін тексеру кезінде бұл мекемелерде жәдігерлерді қалпына келтіруші реставратор маманына бірде-бір штаттық бірліктің қарастырылмағандығын үлкен кемшілік ретінде көрсетті [17, 333-334 пп.]. Сондықтан Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Мәдениет министрлігінің 1963 жылғы 6 қаңтардағы «Республика музейлерінің қызметін жақсарту бойынша іс-шаралар туралы» №37 бұйрығында реставратор мамандарды дайындау, ірі музейлерге жіберу арқылы олардың біліктіліктерін арттыру мәселесі көтерілді [18, 5 п.].

Тарихи жәдігерлерді қалпына келтіруші мамандар қатарының көбеюі Қазақстан музейлерінде арнайы бөлімдерді құруға мүмкіндік берді. 1978 жылы ҚР Орталық мемлекеттік музейінде алғаш рет Реставрациялық бөлім ашылды. Бұл бөлім 1986 жылы Реставрациялық орталыққа айналды. Оның құрамында ағаш, тері, сүйек, металл, керамика, графика және тағы да басқа бағыттар бойынша қалпына келтіруші мамандар еңбек етті [19].

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуімен республика музейлері өтпелі кезеңнің қиындықтарын бастарынан өткерді. Дегенмен қалыптасқан күрделі жағдайға қарамастан Қазақстандағы музейлер саны жыл санап арта берді. Ендігі кезекте музейлер кеңестік идеологиядан арылып, ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізге қатысты жәдігерлерді жинақтауға, зерттеуге және оларды кеңінен насихаттауға ұмтылды. Әсіресе қайтадан қалпына келтіруді қажет ететін жәдігерлерді реставрациялау ісіне ерекше көңіл бөліне бастады.

XXI ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстан музейлері реставрация саласында маңызды жобаларды жүзеге асырды. Мысалы, ҚР Орталық мемлекеттік музейі 2011-2013 жылдары 916 экспонатты қалпына келтіріп, 2014 жылы ақпан айында реставрациядан өткен жәдігерлерден жасақталған «Сақтау үшін жаңғырту» атты көрмені ашты. Бұл көрмеге археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған құнды жәдігерлер, қазақ халқының қару-жарақтары, зергерлік бұйымдары, музыкалық аспаптары, тұрмыстық заттары, сондай-ақ әр түрлі тарихи кезеңдердегі құжаттар, өнер туындылары және тағы басқа экспонаттар қойылды. Ең бастысы көрермен назарына жәдігерлердің бастапқы формасы мен реставрациядан өткеннен кейінгі суреттері қоса ұсынылды.

ҚР Орталық мемлекеттік музейі реставрация саласындағы реформаларды жалғастырып 2024 жылы мекеме базасында Ашық қалпына келтіру орталығын ашты. Бұл орталық тек жәдігерлерді қалпына келтіру ісімен ғана шектелмей қоғаммен ашық

байланыс орнатуды, болашақ реставратор мамандарды дайындауды көздейді. Ашық қалпына келтіру орталығының ашылуы барысында музей реставраторлары «Металдан жасалған бұйымдарды қалпына келтіру», «Керамикалық бұйымдарды қалпына келтіру», «Кілем және тоқыма бұйымдарын қалпына келтіру», «Киіз бұйымдарды қалпына келтіру», «Киім және мата бұйымдарын қалпына келтіру», «Бейнелеу өнері туындыларын қалпына келтіру» бағыттары бойынша шеберлік сағаттарын өткізді [19].

Еліміздегі ірі музейлердің бірі болып саналатын Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі де реставрация саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Бұл музейдің реставраторлары 2015-2024 жылдары 1 754 жәдігерді қалпына келтірді. Сонымен қатар Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі тек өз қорындағы жәдігерлермен ғана шектелмей өңірлік музейлердің өнер туындыларын қалпына келтіруге ат салысып келеді. Мысалы, 2019 жылы бұл мекеме Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі қорындағы 40 туындыны реставрациядан өткізді. Олардың ішінде Нағымбек Нұрмұхаммедов, Молдахмет Кенбаев, Сабыр Мәмбеев, Александр Риттих, Абрам Черкасский, Әбдірашит Сыдыханов, Гүлфайрус Ысмайылова және тағы басқа қылқалам шеберлерінің кескіндеме және графикалық туындылары бар [20].

Бүгінде еліміздегі музей реставрациясының дамуына 2014 жылы Астана қаласында ашылған ҚР Ұлттық музейі лайықты үлесін қосып келеді. Музей ашылған сәттен бастап Консервациялау және қалпына келтіру қызметінің мамандары 4 500-ден астам жәдігерді қайтадан қалпына келтірді.

Сонымен қатар, Ұлттық музей реставрация саласындағы біліктілікті арттыру курстарына үлкен көңіл бөледі. Мәселен, 2023 жылдан бастап «Музей экспонаттарын шетелдің жетекші реставрациялық зертханаларында консервациялау және қалпына келтіру» атты халықаралық жобасын жүзеге асырып келеді. 2023-2024 жылдары 22 реставратор маман Ресей, Әзірбайжан, Өзбекстан және тағы басқа елдердің музейлері мен ғылыми-зерттеу орталықтарында біліктіліктерін арттырып, елге келген соң өңірлік музейлердегі әріптестермен өзара тәжірибе бөлісті. 2025 жылы бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табуда. Атап айтқанда, ҚР Ұлттық музейінің реставраторлары Италия, Ресей, Түркия, Әзірбайжан елдерінің алдыңғы қатарлы музейлері мен ғылыми-зерттеу институттарына барып, біліктіліктерін шыңдады.

Бүгінде Ұлттық музей базасында барша отандық музей мамандарын оқытуға және біліктіліктерін арттыруға арналған Реставрациялық орталық ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл бағытта Италияның Орталық реставрациялық институтымен әріптестік орнатылып, дайындық жұмыстары басталды. Өз кезегінде бұл Реставрациялық орталық өңірлік және республикалық музейлерді білікті реставраторлармен қамтамасыз етуге, сәйкесінше жергілікті музейлердің болашақта өз реставрациялық шеберханаларын ашып, тарихи-мәдени мұра объектілерін қалпына келтіру ісін дамытуға ұйытқы болады.

Ұлттық музей 2025 жылы сәуір айында «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамымен бірлесіп шетелде білікті реставраторларды дайындау бойынша меморандумға қол қойды. Алдағы уақытта музей мамандары «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында шетелдің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алатын болады.

ҚР Ұлттық музейі тек мемлекеттік мекемелермен ғана әріптестік орнатумен шектелмей жеке меншік ұйымдармен, қолөнершілермен тығыз байланыс орнатты. Мысалы, белгілі реставратор Қырым Алтынбеков жетекшілік ететін «Остров Крым» ғылыми-реставрациялық зертханасымен, сондай-ақ Берік Әлібай, Қалиолла Ахметжан, Сержан Баширов секілді танымал суретші, зергерлермен де бірлескен жобалар жүзеге асырылуда [12, 24-25 бб.].

Ұлттық музей 2023 жылдан бастап ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жыл сайын дәстүрлі түрде Қазақстан музей конгресін өткізіп келеді. Бұл конгресс мәдениет саласының барша қызметкерлері асыға күтетін маңызды алаңға айналды. Ал 2025 жылы 19-21 мамыр аралығында «ТҮРКСОЙ» түркі мәдениеті халықаралық ұйымымен бірлесе ұйымдастырылған III Қазақстан музей конгресінің ерекшелігі басты тақырыпты реставрация мәселесіне арнауында еді.

III Қазақстан музей конгресі барысында «Археологиялық заттарды консервациялау және реставрациялау», «XVIII-XX ғасырлардағы мәдени мұраны сақтау», «Музей ісі және тарихи-мәдени мұра» тақырыптарында панельдік сессиялар ұйымдастырылды. Бұл сессиялар барысында отандық реставраторлар Ресей, Беларусь, Түркия, Молдова, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан елдерінен арнайы келген білікті мамандардың қатысуымен музейлік заттарды консервациялау мен реставрациялаудың теориялық мәселелерін талқылап, практикалық тұрғыдан тәжірибе алмасты. Халықаралық деңгейде өткен III Қазақстан музей конгресіне еліміздегі 11 музей-қорықтың, 22 облыстық тарихи-өлкетану музейінің директорлары, 44 реставратор, 12 қор сақтаушы және өзге де музей қызметкерлері қатысты [21].

Қазіргі таңда реставрация мәселесі тек біздің еліміз үшін ғана емес, сондай-ақ көптеген шетелдік музейлер үшін өзекті болып отыр. Осы орайда әлем бойынша реставрация саласын дамытуда бірқатар мәселелердің қордаланғандығын атап өткен жөн.

Біріншіден, реставрация саласы бойынша білікті мамандардың тапшылығы. Қазіргі таңда барлық елдерде осы саладағы мамандардың қартаюы, жас мамандардың жетіспеушілігі анық байқалады. Бұл мәселені оңтайлы шешу мақсатында ЮНЕСКО, ТҮРКСОЙ, ICOMOS, ICCROM сияқты халықаралық ұйымдар аясында реставрация саласы бойынша бірлескен оқу бағдарламаларын дайындауды, тағылымдамаларды ұйымдастыруды қарастыруға болады деп санаймыз.

Екіншіден, реставрациялық жобаларды қаржыландыру мәселесі. Бүгінде реставрация саласындағы халықаралық әріптестік тұрақты қаржыландырудың болмауынан жүйелі түрде жүзеге асырылмай келеді. Сәйкесінше әр ел өз бетінше қимылдауда. Сондықтан реставраторлардың бірлескен жобаларды жүзеге асырып, өзара тәжірибе алмасуы үшін халықаралық қорларды құру, гранттық бағдарламаларды дайындау арқылы қаржы мәселесін шешу мүмкіндігін қарастыруға болады.

Үшіншіден, реставрация саласы бойынша бірыңғай стандарттар мен әдістемені енгізу. Тәжірибеден байқағанымыз, бүгінде дүниежүзі бойынша тарихи-мәдени объектілерді реставрациялаудың бірыңғай жүйесі жоқ. Мәселен, бір елде реконструкция жасауға рұқсат етілсе, басқа елдерде оған тыйым салынған. Сондықтан осы мәселені оңтайлы шешу үшін реставрациялауға қажет материалдардың, техникалардың ашық дереккөздер базасын жасақтауды, баршаға ортақ әдістемелік нұсқаулықтар мен глоссарийлерді дайындауға болады.

Қорытынды. Жинақталған деректерді сараптай келе Қазақстандағы музей реставрациясы тарихының бірнеше кезеңді басынан өткергендігін көреміз. 1827 жылы Бөкей Ордасында алғашқы музейдің ашылуымен бірге музей реставрациясының тарихы басталды. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде кәсіби реставратор мамандардың болмауына байланысты олардың функцияларын халық арасында танымал шеберлер, дәстүрлі қолөнершілер атқарды.

Кеңестік биліктің орнауымен Қазақстандағы реставрация ісі жаңа деңгейге қадам басты. Қарастырылып отырған кезеңде елімізде музейлер саны жылдан жылға артқанымен олардың штаттық құрылымы санаулы қызметкерлерден ғана жасақталды.

XX ғасырдың 70 жылдарына дейін кәсіби реставраторлардың қызметін негізінен суретшілер, ұсталар, қолөнершілер атқарып келді. Кейін еліміздің алдыңғы қатарлы музейлерінде реставрациялық бөлімдердің, орталықтар ашылып, кәсіби мамандар дайындала бастады.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі отандық музей реставрациясының қарыпштап дамуына мүмкіндік берді. Ұлттық тарихи-мәдени жәдігерлерімізді қалпына келтірумен айналысатын реставраторлардың шоғыры қалыптасты. Республикалық және өңірлік музейлер алыс-жақын шетелдердің музейлерімен, реставрациялық орталықтарымен, ғылыми-зерттеу институттарымен, зертханаларымен тығыз байланыс орнатып, отандық реставраторлардың біліктілігін арттыру, шетелдік әріптестермен өзара тәжірибе бөлісу бағытында елеулі жетістіктерге қол жеткізді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Евреинов, А. Внутренняя, или Букеевская, киргиз-казачья орда [Текст] / А. Евреинов // Современник. Т. XXIX, отд. II, 1851. – С. 49-96.
- 2 Терещенко, Л. Следы Дешт-и-Кипчака и Внутренняя киргиз-кайсацкая орда. [Текст] / Л. Терещенко // Москвитянин, 1853. – №22. – С. 51-85.
- 3 Недзвецкий, В.Е. Отчет о работе и занятиях по Семиреченскому областному статистическому комитету за 1905 г. [Текст] / В.Е. Недзвецкий. – Верный: Типография Семиреченского областного правления, 1906. – 43 с.
- 4 Адрианов, А.А. Краткий исторический очерк Семипалатинского музея [Текст] / А.А. Адрианов // Труды Семипалатинского Округного музея. Семипалатинск, 1929. – Вып. 2. – С. 3-14.
- 5 Семенов, Л.Ф. Петропавловский окружной историко-краеведческий музей. [Текст] / Л.Ф. Семенов. – Петропавловск: 1932. – 25 с.
- 6 Жиренчин, А.М. Из истории Центрального музея Казахстана [Текст] / А.М. Жиренчин // Вестник АН Каз ССР. Серия общественных наук, 1947. – №8 (29). – С. 58-63.
- 7 Кайназарова, А.Е. Музейное дело в Казахстане (1831-1925 годы): автореф. дис. канд. истор. наук [Текст] / А.Е. Кайназарова. – Алматы: 1995. – 26 с.
- 8 Ибраева, А.Ф. Қазақстан мұражай жүйесінің қалыптасуы (1920-1940 жж.): тарих ғыл-ң канд. дис. автореф. [Текст] / А.Ф. Ибраева. – Алматы: 1999. – 29 б.
- 9 Тайман, С. Қазақстанда мұражай ісінің даму тәжірибелері және проблемалары (1946-1970 жж.): тар. ғыл. канд. дисс. [Текст] / С. Тайман. – Қарағанды: 1999. – 158 б.
- 10 Санақұлова, Б.Қ. Қазақстан Республикасындағы музей құрылысы мен қызметі (1991-2004 жж.): тарих ғыл-ң канд. дис. автореф. [Текст] / Б. Қ. Санақұлова. – Орал: 2006. – 30 б.
- 11 Мусаханова, М.З. Развитие музеев Казахстана (1991-2001 гг.): автореф. дис. канд. истор. наук. [Текст] / М.З. Мусаханова – Алматы: 2007. – 32 с.
- 12 Gizzatov, S.M., Ibraeva, A.G., Abdukamalova, E.S. Exhibition activities of museums in kazakhstan [Text] / S.M. Gizzatov, A.G. Ibraeva, E.S. Abdukamalova // X.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы. – 2025. - №77(2). – 16-31 бб.
- 13 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, 1308 қор, 1 тізбе, 135 іс.
- 14 Постановления, протоколы, выписки Наркомпроса Каз АКСР // ҚР ОММ ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 81 қор, 1 тізбе, 1312 іс.
- 15 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, 1308 қор, 1 тізбе, 166 іс.
- 16 Ақмола облыстық мемлекеттік архиві, 1072 қор, 1 тізбе, 15 іс.
- 17 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, 1876 қор, 1 тізбе, 113 іс.

18 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, 1308 қор, 3 тізбе, 477 іс.

19 В Центральном государственном музее РК презентовали «Открытый реставрационный центр» // Optimizm.kz ақпараттық-сараптамалық порталы <https://optimizm.kz/2024/09/05/v-centralnom-gosudarstvennom-muzee-rk-prezentovali-otkrytyj-restavracionnyj-czentr/>

20 Ә. Қастеев атындағы өнер музейінің ұжымы 40 туындыны қайта қалпына келтірді // Kazmuseum.kz сайты <https://kazmuseum.kz/ta-zym/item/1878-a-kasteev-atynda-y-oneri-muzejini-zhymy-40-tuyndyny-kajta-kalpyna-keltirdi>

21 «Елімізде реставратор мамандар тапшы»: Астанада III Қазақстан музей конгресі өтіп жатыр // Qazaqstan tarihu порталы <https://e-history.kz/kz/news/show/50000261>

REFERENCES

1 Evreinov, A. Vnutrennyaya, ili Bukeevskaya, kirgiz-kazach'ya orda [The Inner, or Bukeevskaya, Kirghiz-Cossack horde]. Sovremennik, (1851): Vol. XXIX, Part II. P. 49-96. – (In Rus)

2 Tereshchenko, L. Sledy Desht-i-Kipchaka i Vnutrennyaya kirgiz-kajsackaya orda [Traces of Desht-i-Kipchak and the Inner Kirghiz-Kaysak Horde]. Moskvityanin, (1853): №22. P. 51-85. – (In Rus)

3 Nedzveckij, V.E. Otchet o rabote i zanyatiyah po Semirechenskomu oblastnomu statisticheskomu komitetu za 1905 g. [Report on the work and classes of the Semirechensk Regional Statistical Committee for 1905]. Vernyj: Tipografiya Semirechenskogo oblastnogo pravleniya, (1906): 43 p. – (In Rus)

4 Adrianov, A.A., Kratkij istoricheskij ocherk Semipalatinskogo muzeja [A brief historical sketch of the Semipalatinsk Museum]. Trudy Semipalatinskogo Okruzhnogo muzeja [Proceedings of the Semipalatinsk District Museum]. Semipalatinsk, (1929): Issue 2., P. 3-14. – (In Rus)

5 Semenov, L.F. Petropavlovskij okruzhnoj istoriko-kraevedcheskij muzej [Petropavlovsk District Museum of Local Lore]. Petropavlovsk, (1932): 25 p. – (In Rus)

6 Zhirenchin, A.M. Iz istorii Central'nogo muzeya Kazahstana [From the history of the Central Museum of Kazakhstan]. Vestnik AN Kaz SSR. Seriya obshchestvennyh nauk [Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Social Sciences Series], (1947): №8 (29), P. 58-63. – (In Rus)

7 Kainazarova, A.E. Muzejnoe delo v Kazakhstane (1831-1925 gody) [Museum business in Kazakhstan (1831-1925)]: abstract of the dissertation of the candidate history of Sciences. Almaty, (1995): 26 p. – (In Rus)

8 Ibraeva A.G. Qazaqstan murazhaj zhuesinin qalyptasuy (1920-1940 zhzh.) [The formation of the system of museums of Kazakhstan (1920-1940)]: abstract of the dissertation of the candidate history of Sciences. Almaty, (1999): 29 p. – (In Kaz)

9 Taiman, S. Qazaqstanda murazhaj isinin damu tazhiribeleri zhane problemalary (1946-1970 zhzh.) [The experience and problems of the development of the museum business in Kazakhstan (1946-1970)]: the dissertation of the candidate history of Sciences. Karagandy, (1999):158 p. – (In Kaz)

10 Sanaqulova, B.Q. Qazaqstan Respublikasyndagy muzej qurylysy men qyzmeti (1991-2004 zhzh.) [The activity and formation of museums in the Republic of Kazakhstan (1991-2004)]: abstract of the dissertation of the candidate history of Sciences. Ural, (2006):30 p. – (In Kaz)

11 Musakhanova, M.Z. Razvitie muzeev Kazakhstana (1991-2001) [The development of museums of Kazakhstan (1991-2001)]: abstract of the dissertation of the candidate history of Sciences. Almaty, (2007): 32 p. – (In Rus)

12 Gizzatov, S.M., Ibraeva, A.G., Abdukamalova, E.S. Exhibition activities of museums in kazakhstan. Bulletin of Atyrau University named after H. Dosmukhamedov, (2025): №77(2), P. 16-31.

13 Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, 1308 funds, 1 list, 135 cases.

14 Postanovleniya, protokoly, vypiski Narkomprosa Kaz AKSR [Resolutions, protocols, extracts of the People's Commissariat of Education of the Kaz AKSR]. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, 81 funds, 1 list, 1312 cases.

15 Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, 1308 funds, 1 list, 166 cases.

16 Akmola Regional State Archive, 1072 funds, 1 list, 15 cases.

17 Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, fund 1876, list 1, 113 cases.

18 Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, 1308 funds, 3 lists, 477 cases.

19 V Central'nom gosudarstvennom muzee RK prezentovali «Otkrytyj restavracionnyj centr» [The "Open Restoration Center" was presented at the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan] // Optimizm.kz aqparattyq-saraptamalyq portaly. URL: <https://optimizm.kz/2024/09/05/v-czentr-nom-gosudarstvennom-muzee-rk-prezentovali-otkrytyj-restavracionnyj-czentr/>

20 A. Qasteev atyndagy oner muzejini uzhy my 40 tuyndyny qajta qalpyna keltirdi [Staff of A. Kasteev Art Museum reconstructed 40 works] // Kazmuseum.kz Kazmuseum.kz sites. URL: <https://kazmuseum.kz/ta-zym/item/1878-a-kasteev-atynda-y-oneri-muzejini-zhymy-40-tuyndyny-kajta-kalpyna-keltirdi>

21 «Elimizde restavrator mamandar tapshy»: Astanada III Qazaqstan muzej kongresi otip zhatyr ["There is a shortage of restorers in our country": Astana hosts the III Congress of Museums of Kazakhstan] // Qazaqstan tarihy portals. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/50000261>